

## 2019-2021 жылдарға арналған Қобда ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 207 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Қобда аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 11 қаңтарда № 3-7-189 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған Қобда ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер - 180 998,3 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша - 20 000,0 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша - 160 998,3 мың теңге;

2) шығындар - 181 820,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0,0 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0,0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы - 0,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 0,0 мың теңге.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 29.03.2019 № 226 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.05.2019 № 232 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.08.2019 № 248 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.12.2019 № 268 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. Ауылдық округ бюджетінің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін: төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы; жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

елді мекендер жерлеріне алынатын жер салығы;

заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық;

жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

3. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабына сәйкес:

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500,0 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 525,0 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 29 698,0 теңге болып белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

4. 2019 жылға аудандық бюджеттен ауылдық округінің бюджетіне берілген субвенциялар көлемі 70 524,0 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

5. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджет арқылы облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға - 47 240,3 мың теңге.

Аталған трансферттерінің сомасын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 5 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 05.08.2019 № 248 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.12.2019 № 268 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

5-1. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджет арқылы республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 27 257,0 мың теңге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге – 1937,0 мың теңге.

Ескерту. Шешім 5-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 29.03.2019 № 226 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 28.05.2019 № 232 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.08.2019 № 248 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.12.2019 № 268 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5-2. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін:

елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға – 11 640,0 мың теңге.

Аталған трансферттерінің сомасын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. Шешім 5-2 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 29.03.2019 № 226 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 28.05.2019 № 232 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. 2019 жылға арналған Қобда ауылдық округінің бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қобда ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

8. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы

А. Қорғанбаев

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ж. Ерғалиев

Қобда аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4  
қаңтардағы № 207 шешіміне 1-қосымша

## 2019 жылға арналған Қобда ауылдық округінің бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 10.12.2019 № 268 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

| Санаты      |             | Сомасы, мың теңге |
|-------------|-------------|-------------------|
| Сыныбы      |             |                   |
| Ішкі сыныбы |             |                   |
|             | I. Кірістер | 180998,3          |

|   |    |  |          |
|---|----|--|----------|
| 1 |    | Салықтық түсімдер  | 20000,0  |
|   | 01 | Табыс салығы   | 13140,0  |
|   |    | 2 Жеке табыс салығы  | 13140,0  |
|   | 04 | Меншікке салынатын салықтар  | 6860,0   |
|   |    | 1 Мүлікке салынатын салықтар   | 220,0    |
|   |    | 3 Жер салығы   | 629,0    |
|   |    | 4 Көлік құралдарына салынатын салық                                    | 6011,0   |
| 4 |    | Трансферттердің түсімдері  | 160998,3 |
|   | 02 | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 160998,3 |
|   |    | 3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер    | 160998,3 |

| Функционалдық топ                   |   |     |     |   | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------------------------|---|-----|-----|---|--------------------|
| Кіші функция                        |   |     |     |   |                    |
| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |   |     |     |   |                    |
| Бағдарлама                          |   |     |     |   |                    |
| Атауы                               |   |     |     |   |                    |
| 1                                   | 2 | 3   | 4   | 5   | 6                  |
|                                     |   |     |     | II. Шығындар  | 181820,5           |
| 01                                  |   |     |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер   | 32729,6            |
|                                     | 1 |     |     | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар   | 32729,6            |
|                                     |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 32729,6            |
|                                     |   |     | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                              | 31744,0            |
|                                     |   |     | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары  | 985,6              |
| 04                                  |   |     |     | Білім беру  | 122414,3           |
|                                     | 1 |     |     | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту  | 122414,3           |
|                                     |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 122414,3           |
|                                     |   |     | 004 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 122414,3           |
| 07                                  |   |     |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  | 23876,6            |
|                                     | 3 |     |     | Елді-мекендерді көркейту  | 23876,6            |
|                                     |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 23876,6            |
|                                     |   |     | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру  | 8167,5             |
|                                     |   |     | 011 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру   | 15709,1            |
| 12                                  |   |     |     | Көлік және коммуникация   | 2800,0             |
|                                     | 1 |     |     | Автомобиль көлігі   | 2800,0             |
|                                     |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 2800,0             |
|                                     |   |     | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету            | 2800,0             |
|                                     |   |     |     | III. Таза бюджеттік кредиттеу   | 0,0                |
|                                     |   |     |     | Бюджеттік кредиттер   | 0,0                |

|  |  |  |   |     |
|--|--|--|---|-----|
|  |  |  | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0,0 |
|  |  |  | Қаржы активтерін сатып алу                                  | 0,0 |
|  |  |  | V. Бюджет тапшылығы   | 0,0 |
|  |  |  | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)   | 0,0 |

Қобда аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 207 шешіміне 2-қосымша

## 2020 жылға арналған Қобда ауылдық округінің бюджеті

| Санаты      |    |   |  |  | Сомасы, мың теңге |
|-------------|----|---|--|--|-------------------|
| Сыныбы      |    |   |  |  |                   |
| Ішкі сыныбы |    |   |  |  |                   |
|             |    |   | I. Кірістер  |  | 100000,0          |
| 1           |    |   | Салықтық түсімдер  |  | 25000,0           |
| 1           | 01 |   | Табыс салығы   |  | 12700,0           |
| 1           | 01 | 2 | Жеке табыс салығы  |  | 12700,0           |
| 1           | 04 |   | Меншікке салынатын салықтар  |  | 12300,0           |
| 1           | 04 | 1 | Мүлікке салынатын салықтар   |  | 400,0             |
| 1           | 04 | 3 | Жер салығы   |  | 360,0             |
| 1           | 04 | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық                                      |  | 11540,0           |
| 4           |    |   | Трансферттердің түсімдері  |  | 75000,0           |
| 4           | 02 |   | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер |  | 75000,0           |
| 4           | 02 | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер      |  | 75000,0           |

| Функционалдық топ                   |   |     |       |  |  | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------------------------|---|-----|-------|--|--|--------------------|
| Кіші функция                        |   |     |       |  |  |                    |
| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |   |     |       |  |  |                    |
| Бағдарлама                          |   |     |       |  |  |                    |
|                                     |   |     | Атауы |  |  |                    |
| 1                                   | 2 | 3   | 4     | 5  |  | 6                  |
|                                     |   |     |       | II. Шығындар   |  | 100000,0           |
| 01                                  |   |     |       | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер  |  | 28150,0            |
|                                     | 1 |     |       | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар                |  | 28150,0            |
|                                     |   | 124 |       | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    |  | 28150,0            |
|                                     |   |     | 001   | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер |  | 27650,0            |
|                                     |   |     | 022   | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары   |  | 500,0              |
| 04                                  |   |     |       | Білім беру   |  | 48750,0            |
|                                     | 1 |     |       | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту   |  | 48750,0            |
|                                     |   | 124 |       | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    |  | 48750,0            |

|    |   |     |   |         |
|----|---|-----|---|---------|
|    |   | 004 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 48750,0 |
| 07 |   |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  | 17100,0 |
|    | 3 |     | Елді-мекендерді көркейту  | 17100,0 |
|    |   | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 17100,0 |
|    |   | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру  | 9100,0  |
|    |   | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету  | 2000,0  |
|    |   | 011 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру   | 6000,0  |
| 12 |   |     | Көлік және коммуникация   | 6000,0  |
|    | 1 |     | Автомобиль көлігі   | 6000,0  |
|    |   | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 6000,0  |
|    |   | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету            | 6000,0  |
|    |   |     | III. Таза бюджеттік кредиттеу   | 0       |
|    |   |     | Бюджеттік кредиттер   | 0       |
|    |   |     | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо   | 0       |
|    |   |     | Қаржы активтерін сатып алу  | 0       |
|    |   |     | V. Бюджет тапшылығы   | 0       |
|    |   |     | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)   | 0       |

Қобда аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 207 шешіміне 3-қосымша

## 2021 жылға арналған Қобда ауылдық округінің бюджеті

| Санаты      |    |   |  | Сомасы, мың теңге |
|-------------|----|---|--|-------------------|
| Сыныбы      |    |   |  |                   |
| Ішкі сыныбы |    |   |  |                   |
|             |    |   | I. Кірістер  | 107000,0          |
| 1           |    |   | Салықтық түсімдер  | 30000,0           |
|             | 01 |   | Табыс салығы   | 13600,0           |
|             |    | 2 | Жеке табыс салығы  | 13600,0           |
|             | 04 |   | Меншікке салынатын салықтар  | 16400,0           |
|             |    | 1 | Мүлікке салынатын салықтар   | 400,0             |
|             |    | 3 | Жер салығы   | 360,0             |
|             |    | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық                                      | 15640,0           |
| 4           |    |   | Трансферттердің түсімдері  | 77000,0           |
| 4           | 02 |   | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 77000,0           |
| 4           |    | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер      | 77000,0           |

| Функционалдық топ |  |  |  |
|-------------------|--|--|--|
| Кіші функция      |  |  |  |
|                   |  |  |  |

| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |   |     |     |   | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------------------------|---|-----|-----|---|--------------------|
| Бағдарлама                          |   |     |     |   |                    |
| Атауы                               |   |     |     |   |                    |
| 1                                   | 2 | 3   | 4   | 5   | 6                  |
|                                     |   |     |     | II. Шығындар  | 107000,0           |
| 01                                  |   |     |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер   | 29050,0            |
|                                     | 1 |     |     | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар   | 29050,0            |
|                                     |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 29050,0            |
|                                     |   |     | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                              | 28300,0            |
|                                     |   |     | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары  | 750,0              |
| 04                                  |   |     |     | Білім беру  | 51550,0            |
|                                     | 1 |     |     | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту  | 51550,0            |
|                                     |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 51550,0            |
|                                     |   |     | 004 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 51550,0            |
| 07                                  |   |     |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  | 20000,0            |
|                                     | 3 |     |     | Елді-мекендерді көркейту  | 20000,0            |
|                                     |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 20000,0            |
|                                     |   |     | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру  | 10000,0            |
|                                     |   |     | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету  | 3000,0             |
|                                     |   |     | 011 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру   | 7000,0             |
| 12                                  |   |     |     | Көлік және коммуникация   | 6400,0             |
|                                     | 1 |     |     | Автомобиль көлігі   | 6400,0             |
|                                     |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 6400,0             |
|                                     |   |     | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету            | 6400,0             |
|                                     |   |     |     | III. Таза бюджеттік кредиттеу   | 0                  |
|                                     |   |     |     | Бюджеттік кредиттер   | 0                  |
|                                     |   |     |     | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо   | 0                  |
|                                     |   |     |     | Қаржы активтерін сатып алу  | 0                  |
|                                     |   |     |     | V. Бюджет тапшылығы   | 0                  |
|                                     |   |     |     | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)   | 0                  |

Қобда аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 207 шешіміне 4-қосымша

## 2019 жылға арналған Қобда ауылдық округінің бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын ауылдық округ бюджеттік бағдарламаларының ТІЗБЕСІ

|                                     |
|-------------------------------------|
| Функционалдық топ                   |
| Кіші функция                        |
| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |

|    |     |   |
|----|-----|---|
|    |     | Бағдарлама  |
|    |     | Атауы   |
| 04 |     | Білім беру  |
|    | 1   | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту  |
|    | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   |
|    | 004 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК